



Ыбырай еснеті – үрпаққа аманат

Сөз. Эсіресе, біздін ұлттыңға байланысты айтылды ма деп ойлайсың.

Ұлы Дағаның ұлы есімдерін үрпақтан-үрпаққа жеткізіп отыру, мына біздің тікелей міндеттіміз екенін ұмытпауымыз керек. Себебі, тарихтың донғалары сол кезде қазак қоғамының барлық ауыр салмағын ұлы тұлғалардың майнына салып берді. Сондықтан олардың халық жүгін көтеруіне тұра келді. Елді басқара алатындай ақылды, болашаққа деген сенімі бар тұлғалар қалың қазак халқын жаңынай жақсы көріп, оны қалайды-қаранды тұнғыбыттан алып шығуды мақсат етті, елине бас болып, жол көрсетушісіне айналды.

"Тұлғатану" мәселесін зерттеп, оны жастар арасында насихаттау жұмыстары "болмас да үшін бағатын" ұлт жаңашырыларының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі мен қоғамдық қызметтіңін біз үшін маңызы мен ролі осында болмак.

Екіншіден, қазіргі уақытқа дейін қазак халқының, әсіресе, бала тәрбесіндегі, оқу-ағарту саласындағы маңызды мәселелермен шұғылданды. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екенін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оку жұмысына айрықша мән берді. Оку-тәрбие ісін жаңа бағытта үйімдастырыды. Онын мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалай келіп: "Маган жақсы мұғалім бөрінен де қымбат, ол – мектептің жүргөті!", – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жок.

Қазіргі таңдағы білім саласындағы олқылықтар мұғалім мен шөкірт арасындағы түсінбеушілікten, ал ол түсінбеушілік болу, мұғалім мен оқушының өз ара-

сындағы білімге деген қызыгуышылықтың, ықыластың болмауынан деп ойлаймыз. Осы түрғыдан Ыбырай Алтынсариннің:

"Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды қөңілге

Ықыласпен тоқылық", – деп жазуы не нөрсө болсын, оқығаныңын барлығын бір мезгіл ой елеғін өткіз етырып, оған наzar аудару, қөңілге току – бұл нағыз білімге апаратын жол екендігін көрсетіп тұрғандай. Ұлы үстаздың аманат ретінде айтып отырған окуға деген ықылас пен ниетті болуы – бар білімнің тұп қазығы екендігін түсінбейтініміз өкінішті-ақ.

Үшіншіден, Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті құраптардың бірі болып отырған жан-жақты, білімді, үстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім даярлау сияқты мәселелермен шұғылданды. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екенін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оку жұмысына айрықша мән берді. Оку-тәрбие ісін жаңа бағытта үйімдастырыды. Онын мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалай келіп: "Маган жақсы мұғалім бөрінен де қымбат, ол – мектептің жүргөті!", – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жок.

Төртіншіден, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан әлемдік тәлім-тәрбиенің алтын дінгегі гуманистік көзқарас, яғни, шөкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасын-

дағы ынтымактастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. "Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауга тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауга тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі көрек, әрірі нөрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру көрек", – деп жазған еді ол. Соңғы кездері мектеп оқушылары мен мұғалімдері арасындағы келенсіз түсінбестік жағдайлар, білім мен тәрбиенің алшак кетуі "Ұлы үстаз" сөзінің жаңы бар екенін дәлелдейдегендегі болып тур.

Корытынды. Ыбырай Алтынсарин тұған халқына жан аямай еңбек етті, үрпақтарына ұлғиенеге боларлық, тәлім аларлық, рухани нөр боларлық бай мұрақалдырды.

Оның қазақ балаларын оқутарбиеге жетелуе жолындағы іс-әрекеті далаға кетпей, қазақ халқы соның нәтижесінде надандық күрсауынан өркениетті қоғамға аяқ басты. Ы.Алтынсарин қажырлы қайраттың, талмай ізденістің, елшеусіз еңбектің арқасында қазақ сияқты тұтастай бір ұлттың рухани мәдениетін сақтап қалды. Ұлы үстаздың азғантай ғана өмірінде жанкятиярлықпен жасаған енбегінің ұлт үшін маңызы да бағасы да осы болса керек!

Ұсыныс. Қазіргі таңда қазақ мектептерінің майдайшасында жазылған "Қош келдіңіздер!" деген сөз орысша "Добро пожаловать!" деген сөздің аудармасы. Мұндай сөздердің мемлекеттік барлық мекемелердің тақтайша-

сына жазылғанын көріп жүрміз. Ал мектеп – маңызы ерекше, құндылығы жоғары білім ордасы екендігін ескерсек, оның жағын басқаша болуы керек. Мүмкін орыс тілінде баланы оқуға шақыратын сөз жоқ шығар, білмеймін, бірақ қазак тілінде Ыбырай атамыздың "Кел, балалар, оқылық!" деген шақыруы мектеп балаларына арналып отырғанында ешкімнің дауы боймас деп ойлаймын.

Сондықтан, облыстық, қала-

лық, аудандық, ауылдық жерлерде орналасқан барлық мектептердің майдайшаларына тілдік ерекшеліктеріне қарамастан Ыбырай атамыздың оқу мен білімге шақыратын "Кел, балалар, оқылық!" деген шақыру ұранын жазып қою жұмыстарын қолға алып, оны Ы.Алтынсариннің 180 жылдық тойы қарса-ында барлық жерде іске асырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Облыстық, қалалық әкімдік пен маслихат депутаттары, облыстық, қалалық оқу бөлімдері мен ақсақалдар кеңесі, Nur Otan партиясының өкілдері мен қала тұрғындары мүндай үндеуге қалып қалмай, пікір білдіреді деген ойдамын.

Мұндай тәрбиелік мәні зор илгі жұмыстарды іске асыра алмасақ, онда Ыбырай жерінде отырған біз үшін елдігімізге үлкен сын болмак.

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы
Аркалық педагогикалық
институтының доценті,
"Рухани-жанғыру" жобалық
кенесінің директоры.